

О РУХАНИ ЖАНГЫРУ

# ОРТАҚ МУДДЕГЕ ЖҰМЫЛДЫРДЫ

Рухани құндылықтарын жаңғыртуға бағытталған «Рухани жағыру» бағдарламасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, үлттық ерекшелігін сақтауға, азаматтардың білім алып, сананың ашықтығының насиҳаттауға арналған. Бұл қасиеттер заманауи қазақстандық үшін басты бағдар болуы керек.

Мұндағы манызды алты жобаны атап өтсем:

Бірінші жоба – қазақ тілін латын графикасына кезең-кеңімен көшіру. Жоба тілдін дамуына жаңа серпін беріп, оны әлемдік кеңістікке біркітіруге, азаматтарды тілді мен-геруге қызығушылық пен ынталандыруға бағытталған болатын.

Екінші жоба – «Қазақ тілін-

дегі 100 жаңа оқулық». Оның мақсаты – қазақстандық білім алушыларға әлемдегі ең жақсы оқулықтарды қазақ тіліндегі оқуға мүмкіндік беру.

Үшінші жоба – «Тұған жер» өзі туып-өсken жеріне нақты көмек арқылы байланысын нығайтуға мүмкіндік береді. Екіншіден, елдегі қайрыымдылық мәдениетін дамыту және оны өзара әлеуметтік

іс-кимыл арқылы мемлекетті қолдау. Үшіншіден, ғылыми, білім беру және инфрақұрылымдық қолдау көрсету - тұган жердің тарихын, географиясын, объектілерін зерттеу, оны жақсарту. Жалпы, бұл өлкетану жұмыстарының байыпты процесі басталғанын білдіреді.

Төртінші жоба – «Қазақстанның қасиетті географиясы». Мұнда жұмыс мәдени жадыға, символдық, қасиетті және мәдени-тарихи заттарға негізделген. Сонымен қатар, бұл жобаның нысандары туристік индустрияның тартымды жерлеріне айналады.

Бесінші жоба – «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» аясында қазір әлемдік қоғамдастықпен танысу үшін қазақ мәдениетінің уздік туындыларын ұсынуға жағдайлар жасалуда.

Алтыншы жоба – «Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы» отандастарға үлгі болатын еліміздің әр түкпірінен, әр түрлі жастағы және түрлі үлттағы қазақстандықтар-

дың өмірбаяндарын қамтиды. Жаңа тұлғалар қазіргі Қазақстанның бейнесі мен портретіне айналды.

Бұл тұргыда оқу орынында нақты жұмыстар атқарылу да. Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы қоғамды шоғырландыруға, зиялғы қауымды, жастарды, халықтың барлық қабаттарының өкілдерін Мемлекет басшысы жариялаған идеялардың айналасына біркітіруге мүмкіндік берді. Модернизацияның барлық бағыттарын іске асыруда ғылыми-сарапшылық қоғамдастықтың, азаматтық қоғам өкілдері мен жастардың белсенді арасынан жүзеге асырылуда.

Айтолқын ЕРКІНҚЫЗЫ,  
Айжан ӘЛІМБЕКҚЫЗЫ,

М.Әуезов  
атындағы ОҚУ-нің  
«Механика және  
мұнайгаз ісі»  
факультетінің  
«Стандарттау және сертификаттау»  
кафедрасының  
ага оқытушылары